

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы

ІШКІ АУРУЛАР КАФЕДРАСЫ

БМСК ұйымдарында тіркеу және есеп беру құжаттарын рәсімдеу. Бекітілген учаскелердің паспортын толтыру және бекітілген учаскеде тұрғындарды тіркеу жүргізуге қатысу. Халық денсаулығы жағдайын көрсететін статистикалық көрсеткіштерді талдау. Еңбекке жарамсыздық парағын, еңбекке уақытша жарамсыздығын куәләндіретін құжаттарды толтыру. Профилактикалық егулерді тіркейтін журналды, анализ тапсыру жолдамалары, стационарлық емге, санаторлық-курорттық емделуге жолдамаларды және т. б. толтыру.

Орындаған: Пошанова Г.Е

Факультеті: ЖТД

Тобы: 610

Жоспары

- Кіріспе
- БМСК туралы жалпы түсінік
- БМСК ұйымына азаматтарды бекіту тәртібі
- УЕЖП куәләндіретін құжаттарды толтыру
- Профилактикалық егулер

БМСК туралы жалпы түсінік

БМСК-адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін, қолжетімді медициналық қызметтер көрсету кешенін, неғұрлым кең таралған ауруларды емдеуді, халықты гигиеналық оқытуды, отбасын, ананы, әкені және баланы қорғауды түсіндіру жұмыстарын қамтитын дәрігерге дейінгі немесе білікті медициналық көмек

БМСК ұйымына азаматтарды бекіту тәртібі

Азамат және оралмандар БМСК ұйымының біреуіне ғана бекітіледі. Қағаз түрінде және электрондық үкімет веб порталы арқылы электрондық форматта қалыптастырылатын медициналық ұйымға бекітілу анықтамасы азаматтың БМСК ұйымына бекітілгені туралы куәләндіретін құжат болып табылады. Электрондық форматтағы бекіту туралы анықтама медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін медициналық ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық форматта электрондық үкімет веб порталы арқылы беріледі.

БМСК ұйымына бекіту еркін нысандағы өтініш пен жеке басын куәләндіретін құжат негізінде БМСК ұйымының жұмыс кестесіне сәйкес кез келген күнтізбелік уақытта жүзеге асырылады.

Дағдылар критерийінің бағасы

Еңбекке жарамсыздық парағын толтыру

емдеу мекемесінің атауы, паспорттық бөлімін дұрыс толтыру.

Еңбекке жарамсыздық парағының берілген күні

Алғашқы ауру парағынын астын сызу

Науқастың Аты-жөні: Жасы, Жынысы.

Науқастың жұмыс орны, Болжам диагнозы АХЖ 10 бойынша
қорытынды диагнозы

Код J06 Еңбекке жарамсыздық түрін белгілеу (сырқаттану)

Емдеу тәртібін анықтау (режим) (амбулаторлық)

Режим бұзылуы (жоқ)

Режим бұзылуына қол қою.

- Күнтізбе бойынша жұмыстан 3 күнге босату
- Лауазымы, аты-жөні және қолын қою
- Жұмыстан тағы 3 күнге босату
- Лауазымы, аты-жөні және қолын қою
- Ауру парағын жабу (еңбекке байланысты) және жабу күнін қою
- Лауазымы, аты-жөні және қолын қою

УЕЖП куәләндіретін құжаттарды толтыру

Еңбекке уақытша жарамсыздық парағы осы қағидалар бойынша:

- 1)жіті немесе созылмалы аурулар асқынған;
- 2)еңбекке жарамдылығын уақытша жоғалтуға байланысты жарақаттанған және уланған;
- 3)жүктілікті жасанды үзген;
- 4)науқас балаға күтім жасаған;
- 5)жаңа туған баланы асырап алған;
- 6)жүкті болған және босанған;
- 7)санаторийлік-курорттық ұйымдарда толық емделген кезде беріледі.

- УЕЖП және анықтамасы жеке басын куәләндіретін құжатты ұсынған кезде беріледі.
- УЕЖП және анықтамасын беруді және ұзартуды медицина қызметкері адамды тексеріп-қарағаннан және науқастың амбулаториялық медициналық картасына оны жұмыстан уақытша босату қажеттігін негіздейтін денсаулық жағдайы туралы жазғаннан кейін жүзеге асады.
- УЕЖП еңбекке уақытша жарамсыздығы белгіленген күннен бастап, мереке және демалыс күндерін қоса еңбекке жарамдылығын қалпына келтірудің бүкіл кезеңі бойына беріледі.

- "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Жұқпалы ауруларға қарсы халықты вакциналауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 мамырдағы N 488 қаулысына сәйкес **БҰЙРЫҒЫНДА:**

1. Қоса беріліп отырған "Профилактикалық егулерді ұйымдастыру және жүргізу" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары бекітілуін.

- 2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Байсеркин Б. С.) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберілуін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Әкімшілік департаменті (Акрачкова Д. В.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етуін .

5. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

ҚР профилактикалық егулер

- БЦЖ-туберкулезге қарсы
- ВГА-А вирусты гепатитіне қарсы
- ВГВ-В вирусты гепатитіне қарсы
- ОПВ-полиомиелитке қарсы
- АКДС-көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге қарсы
- Хиб-в типті гемофилдік инфекцияға қарсы
- ККП-қызылшаға,

- Жұқпалы ауруларға қарсы егудің бірнеше түрі бар:
- Міндетті егу
(туберкулез, қызылша, күл, сіреспе, көкжөтел, гепатит, т.б. ауруларға қарсы), нәрестелі бола алатын әйелдер және қыздарға қызамыққа қарсы;
- жоспарлы-кәсіби егу – мал шаруашылығымен айналысатын немесе олардың өнімін өңдейтін адамдарға күйдіргіге қарсы;

- эпидемиялық көрсеткіш бойынша егу – нақты аймақтағы тұрғындар арасында індет қаупі төнген кезде жүргізіледі. Егу көбінесе инфекциялық тәсілмен (тері астына, бұлшық етке) атқарылады.
- Қазіргі кезде алдын ала егудің нәтижесінде көптеген жұқпалы аурулар (мысалы, шешек) жойылды. [Бірақ Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, жылына 500 млн. Адам жұқпалы ауруға шалдықса, оның 400 млн-дайы егілмегендер екені анықталып отыр (2007). Сондықтан әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы күресте егудің маңызы зор екеніне ешбір күмән келтірілмейді.

Санаторлық-курорттық емделуге жолдамаларды толтыру

- Жалпы қағидалар
- 1. Барлық санаттағы мүгедектерге санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек аудандық халықты әлеуметтік қорғау басқармасы арқылы (әрі қарай - әлеуметтік көмек) аудандық бюджет есебінен көрсетіледі.
 2. Әлеуметтік көмек көрсету немесе одан бас тарту туралы шешім, құрамы аудан әкімиятының қаулысымен бекітілген атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі комиссия мәжілісінде (бұдан әрі Комиссия) қаралады.
 3. Санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек барлық санаттағы мүгедектерді сауықтыру

- 3. Санаторлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек барлық санаттағы мүгедектерді сауықтыру үшін көрсетіледі.

- 2. Әлеуметтік көмекті тағайындау тәртібі

- 4. Әлеуметтік көмекті тағайындау жөніндегі арызды, оны алуға құқығы бар кісі қосымша тиісті құжаттарымен қоса береді:

- 1) Жеке куәлігі (көшірме);

- 2) Санаторлық-курорттық карта (көшірме);

- 3) Амбулаторлық картаның көшірмесі;

- 4) МКТО-дан алушы статусын куәландыратын құжат.

5. Ұсынылған құжаттардың негізінде комиссия әлеуметтік көмекті көрсету немесе аудан бас тарту жөнінде шешім шығарады.

6. Санаторлық мекемеге ақша қаражатын аударғаннан кейін жолдамадан бас тартса, онда арыз иесі бюджетке жолдаманың құнын толық орнына келтіруге міндетті.

- 3. Әлеуметтік көмектің мөлшері
- 7. Әлеуметтік көмектің мөлшері санаторлық-курорттық жолдаманың құнымен тең бағалы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

:

- WWW.google.ru
- *Журнал здоровья*
- Medelement.com



**НАЗАРТАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!**

**Сіздерге жүректің
жылулығын, жаннан
сұлулығын тілеймін!!!**

